

Республикалық қоғамдық-саяси газет

Жаңалықтарды іздеу...

БІЗ ТУРАЛЫ | ЖАҢАЛЫҚ | **МАҚАЛА** | СҰХБАТ | ЖАРНАМА | МҰРАҒАТ | І

НҰР ОТАН | ЭКОНОМИКА | РУХАНИЯТ | ЖАНАЙҚАЙ | ТОСЫН ОҚИҒА | ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК | ӘЛЕУМЕТ | СПОРТ | ҰЗЫНҚҰЛАҚ | САЯСАТ | ШАРА

Негізгі бет / мақалалар / АСУДАН АСТЫҚ, АРНАҒА ТҮСТІК

## АСУДАН АСТЫҚ, АРНАҒА ТҮСТІК

09.11.2016 Айқын-ақпарат 352



қазақтар, ешқашан да жүрмеген жаңа жол – өркениетті елдердің жолымен қазақ қоғамында талай күрделі реформалар жүргізіп, оның бұрынғы бетпердесін түбегейлі өзгертіп, қазіргі заман талабына сай қайта жасауға кірістік.

Осындай ұлан-ғайыр істердің алғашқы жылдарында әртүрлі себептерде тура келді. Ең алдымен экономикада қатты күйзеліске тірелдік. Өйткені республикалар шаруашылығын бір-бірімен тығыз байланыстырған бір Кәсіпорындардың бір-бірімен байланысы күрт азайды. Осыдан кейін тауар әріптестерінен не өздеріне керек шикізат ала алмай, не шығарған өнімдерін басқаларға өткізе алмай, жұмысын бәсеңдетуге мәжбүр болды. Осының салдарынан 1992-1993 жылдары Қазақстан халық шаруашылығының көптеген салаларында кәсіпорындардың жартысына жуығы, ал жеңіл өнеркәсіп пен кейбір өңдеуші салаларда олардың 60-тан 80 пайызға дейін жартылай жұмыс істеп немесе толық тоқтап тұрды. Бұл – үлкен қиыншылықтың бір көрінісі.

**Егемен ел болып, тәуелсіздік туын көтергенімізге 25 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде өмірге жаңа келген жас бала өсіп, ержетіп, жалпы азаматтық тұлғасын сомдап үлгереді.**

Ал қандай болса да қоғамның дамуы мұндай тез, екпінді емес. Тұтас бір ел, жеке қоғам үшін 25 жыл дегеніміз оның даму тарихында аққан жұлдыздай қас-қағым сәт. Қоғамдағы елеулі өзгерістер үшін оған ондаған, тіпті жүздеген жылдар өтетіні тарихтан белгілі. Дегенмен қоғам дамуының, ондағы күрделі өзгерістердің бір жылы он жылға, одан да ұзақ мерзімге тұратын тарихи кезеңдер болады. Сондай кезеңдердің бірі – біз, қазақтар, қазақстандықтар, атап өкелі отырған егемендігіміздің алғашқы ширек ғасыры.

Осы тарихи кезең ешкімге жалтақтамай тәуелсіз мемлекет құрудың қамына кірісуге жол ашты. Біз, әтпандай қиындықтарды да басымыздан өткізуге дағы ыдырағаннан кейін 70 жылдан аса барлық ртақ экономикалық кеңістік жұмысын тоқтатты.

Шығарушылар бұрынғы басқа республикалардағы жұмысын бәсеңдетуге мәжбүр болды. Осының салдарынан 1992-1993 жылдары Қазақстан халық шаруашылығының көптеген салаларында кәсіпорындардың жартысына жуығы, ал жеңіл өнеркәсіп пен кейбір өңдеуші салаларда олардың 60-тан 80 пайызға дейін жартылай жұмыс істеп немесе толық тоқтап тұрды. Бұл – үлкен қиыншылықтың бір көрінісі.



Екінші қиыншылық бұрынғы жоспарлы экономиканы артқа тастап, нарық экономика жүйесін жасауға кірісуімізден басталды. Кеңес Одағының егемендік алған басқа республикаларымен бірге біз де демократия, нарық жолымен жүруді таңдадық. Оған бізді шақырған осы нарық экономика жүйесін ғасырлар бойы қолданып, жан-жақты дамыған әлем елдерінің озық үлгісі болды. Осы жүйеге көше бастау үшін үш күрделі шараны орындауға міндетті болдық. Біріншісі – тауардың бағасын бұрынғыдай бір орталықтан бекітпей, нарық әлеміне еркін шығарып реттеу. Бұл нарық экономикасында оның ең маңызды тетігі – бәсекелестік ортаны қалыптастыру үшін керек. Екіншісі – біздегі мемлекеттік, қоғамды мүлікті ыдыратып, оны жекешелендіру. Бұл қоғамдағы әрбір адамның өзінің дайындығына, білімі мен біліктілігіне байланысты өз ісін өзі таңдап өмір сүруінің кепілі. Үшіншісі – ел экономикасы ашық, басқа елдермен осы салада байланыс орнатуға қолайлы болуы керек. Инвестициялар келуі, жаңа техника, тех-

ЭКСКЛЮЗИВТІ СҰХІ

**Нұрғали НҮСІПЖА  
Қазақтың ең үлке**



14.01.2017 3038

**Ол кісі үнемі өзгермейті  
Түрі де, адами болмысы  
дауысына дейін өзгерме**

Инфографика



Азаматтар ҚР Жер кодексі нәселел  
мен ескертпелері, жемқорлыққа қ  
фактілері туралы ақпарат бере ала

**БАЙЛАНЫС: 8 8**

Азаматтар ҚР Жер кодексі нәселел  
мен ескертпелері, жемқорлыққа қ  
фактілері туралы ақпарат бере ала

Сондай-ақ **8700-800-4441** нөмір  
мессенджерлері арқылы хабарлама

Жедел желі

АЙТАРЫМ БАР

**Қар көшкіні кезін  
әрекет етеміз?**



14.01.2017 3023

**Қазір тау табиғатының ға  
кімді болмасын өзіне елі  
тұрғаны. Бейне бір ертег**

нология, озық үлгілерімен әлем елдерінің бір-бірімен алмасуы осымен байланысты.

Қазақстан осындай шараларды егемендіктің алғашқы кезеңінен-ақ орындауға кірісті. Басқа елдердегідей ойланып, дайындалуға керек уақыт та болмады. Алдымызда Кеңес Одағын таратуға қарсылардың, «ГКЧП» сияқты артқа тартқандардың қайта күш алып кету қаупі, осыдан туған бұрынғы одақтас республикалармен тезірек ажырасып, егемен елдің іргесін бекітетін іс-шараларға белсене кірісу талабы тұрды.



Сонымен қатар Кеңес Одағын таратуға, тіпті болмаса әлсіретуге ежелден мүдделі Батыс елдері де біз кеңестік жүйеден тез айырылып, өздерінде қолданыста болған демократия, нарық жүйесіне тезірек көшуімізге айтарлықтай ықпалын жасай білді. Олардың «Вашингтонский консенсус» атты АҚШ-тың өз әріптестерімен нарық экономикасы жолына түсу үшін бізге, бұрынғы одақ республикаларына ұсынған жобасы осы мақсатты көздеді. Олардың ықпалында болып, айтқанын істеген Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері Қазақстанға егемендік алған алғашқы күндерден бастап жиі келіп, жаңа жолмен жүрудің, аталмыш жобаның әртүрлі тәсілдерін ұсынып қана қойған жоқ, жаңа жүйеге тезірек көшу керек деген талабын біз осы ұжымдардан сұрап алатын қарыз мөлшерімен және оны беретін мерзіммен тікелей байланыстырып қойып жүрді. Осылардың салдарынан бұрын бір орталық қана бекітетін тауарлар бағасын шектеуді тоқтатып, ноктасын сыпырып, нарық әлеміне шығарып жібердік. Нәтижесінде, тез уақытта ол бағалар бұрынғысынан еселеп, он еселеп, одан да қарқынды өсіп, біздегі тауар айналымын, олардың тұтынушылар қауымын батпандай қиындыққа батырды. Тағы бір қойылған талаптардың негізінде нарық жүйесіне тезірек көшу мақсатымен бұрынғы мемлекеттік меншікті жаппай жекешелендіру науқанын жүргіздік. Дамыған елдерде маңызы бар бір ғана мүлік нысанын жекешелендіру үшін ұзақ уақыт, бірнеше жылдар өтетінін еске алмай, біз бүкіл ел болып жиған-тергендеріміздің негізгі бөлігін 5-6 жыл ішінде-ақ жекешелендіріліп үлгердік. Атүсті, тиісті дайындықсыз жасалған осындай іс-шаралардың салдарынан қоғамдық мүліктің не бір бөлшегі дұрыс сатылмай, кейбір пысықтардың қолына еспесіз кеткенін де айтуымыз керек. Байлығын жасырып, оларды офшорларға тығуға тырысқан олигархтар тобы осы кезде елімізде қалыптаса бастап еді.



«Демократия – ол ашық қоғам, сіздер соған бет бұрыңыздар» деген халықаралық ұйымдардың ұсыныстарына орай экономика саласын айқара ашып, әлем елдерімен сауда байланысын күннен-күнге арнасын кеңейтіп жүргізе бастадық. Бұл шараның тиімділігі туралы кейінірек сөз болар, ал алғашқы жылдары әлемдегі нарық экономикасының сырын жақсы білмейтін біздің кейбір мүлікті арзанға сатып, ұтылғанымыз да болды.

Кезекті бір қарыз сұрағанымызда Халықаралық валюта қоры өкілдері «сіздерде басқару жүйесінде мемлекеттік қызметте жүргендер саны басқа елдермен салыстырғанда өте көп, осыны ықшамдау керек» деп біз сұраған қарызды бере тұра аталмыш ұсынысын бірге қосып қойды. Осыдан кейін бірнеше облыстарды, көптеген аудандарды бір-бірімен қосып, мемлекеттік басқару жүйесін ықшамдау шаралары жүрді. Олардың қандай пайда келтіргенін есептеу қиын, бірақ жергілікті басқару жүйесінің күрделеніп кеткенін көзіміз көрді. Аудан мен ауыл арасы біраз жерлерде екі есеге ұзарды, аудан мен облыс орталығы арасы да осылай қашықтады. Нәтижесінде, күнделікті мәселелерін шешу үшін аудан немесе облыс орталығына баруы керек болған бұқара халық бастарына түскен басқа қиындықтарын айтпағанда, еселеп өскен жол ақысын да көтеруге мәжбүр болды.

Жоғарыда айтылғандарды осы мақаламның басында әдейі келтіріп отырмын. Мақсатым – егемендіктің алғашқы жылдары біз экономика саласында нарықтың даңғыл жолымен ешқандай кедергісіз бірден жүріп кетпеген елміз деп, жол ауырлығын айту. Аталмыш қиыншылықтарға кездесіп, жоғалтқанымыз өте қомақты болғанын көрсету. Небәрі алғашқы 4-5 жыл ішінде Қазақстанның

ішкі жалпы өнімнің 40%-ға төмендеуі осындай себептерден болды. Қазір 25 жылдың қорытындысын жасап жатырмыз. Кейбір басқа елдердей біз неге бұдан да қарқынды дамымадық деген сұрақ болуы мүмкін. Осының жауабын жасағанда біз өткізген қиыншылықтарды естен шығармауымыз керек. Жылдар өте келе оларды еңсердік дегенімізбен, кейбір тиімсіз салдарынан әлі күнге дейін арыла алмай келеміз. Әртүрлі кезеңдерде егемендік алған Малайзия, Оңтүстік Корея, кейбір Шығыс Еуропа елдерімен біздің даму қарқынымызды салыстырғанда аталмыш елдердің өздері егемендік алғаннан бұрын да осы нарық экономикасы жолымен жүрген елдер екенін ескеруіміз керек. Біз сияқты нарық экономикасының тетігін жасау үшін оларға керек уақыт та, көтерген шығыны да аз болды.



Егемен еліміздің осы 25 жылда басынан өткізген, өткізіп отырған тағы екі күйзелісті атап кетуіміз керек. 1997-1998 жылдары Оңтүстік – Шығыс Азия елдерінен басталып, көптеген басқа да елдерге теріс ықпалын тигізген қаржы (қаржы-экономикалық) дағдарыс, бізді де сырт айналып өтпеді. Басқа елдермен, әсіресе, Ресеймен, тауар айналымы төмендеп, бұл біздің сыртқы да, ішкі де қарызымызды өсірді. 1998 жылы бюджетіміздегі осыдан туған тапшылық салдарынан оның шығыс көлемінің үштен бірін қысқарттық. Бізбен экономикалық байланыстағы әріптестеріміз өздерінің ұлттық валюталарын бірінің артынан бірі девальвацияға жібергеннен кейін біздің тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі төмендеп кетті. Осы 1998 жылы біз де ұлттық валютамыз – теңгені ешбір шектемей еркін айналымға жіберуге мәжбүр болдық. Теңге тез арада 25-27% көлемінде арзандап кетті. Одақ республикаларымен экономикалық байланысты үзгеннен туған қиындықтан 1995 жылы жаңа ғана арылып келе жатқан әлсіз экономикаға 1997 жылы, яғни екі жылдан кейін келген аталмыш әлемдік қаржы дағдарысы айтарлықтай соққы болды. Оны еңсеру үшін уақыт та кетті, күш-жігер де аз жұмсалған жоқ.

2008 жылы әлемде басталған экономикалық дағдарыс, содан осы күнге дейін әлем экономикасында орын алған тоқыраудың біздің елімізге бүгін де залалы өте қатты болып отыр. Негізгі байлық көздеріміз болған мұнай мен металл өнімдеріне сұраныс күрт азайып және де олардың бағасы еселеп төмендеп, республикалық бюджеттің ел экономикасын дамытуға мүмкіндігінің барынша шектелгенін бастан кешіріп отырмыз. Біздің ұлттық валюта – теңге соңғы екі жылдың ішінде екі есеге жуық бағасы түсіп, девальвацияға ұрынды. Осыдан халықтың тұрмыс деңгейі төмендеді, жұмыссыздықпен күресу мақсатымен Ұлттық қордан көлемді қаржы жұмсауға тура келді. Экономика саласында тоқырауға жол бермегенімізбен оның даму қарқыны күрт төмендеді. Дағдарыс әлі жалғасып жатыр. Сонымен, қорыта айтсақ, егемендіктің осы 25 жылының 4 жылы Кеңес Одағында қалыптасқан бірыңғай экономикалық аймақтан шығып, осылардан туған қиындықтарды еңсеруге кетті. 1997-1998 жылдардағы қаржы дағдарысы, 2008 жылдан басталып осы күнге дейін созылған экономикалық дағдарыс, тоқырау біздің елімізге, оның экономикасына күйзеліссіз, бірқалыпты дамуға тек 10 жыл шамасында ғана мүмкіндігін сыйлаған екен. Егемен ел болып дамыған ширек ғасырдың қорытындысы туралы сөз болғанда осындай қиындыққа тіреген жағдайларды естен шығармағанымыз жөн.



Қиындықтарға қарамай, оларды еңсере біліп, Тәуелсіздігіміздің алғашқы 25 жылдығында қол жеткізген жетістіктеріміз бар, оларды

ауыз толтырып айтуға болады, айту да керек.

Егемендіктің алғашқы жылынан бастап қоғамның барлық маңызды салаларында күрделі реформалар жүргізу басталды. Нәтижесінде, алғашқы онжылдықта қазіргі заман үлгісімен мемлекеттік басқару жүйесі, ішкі-сыртқы саясат, әлеуметтік қорғау, нарық экономика жүйелері жасалынып, іске қосылды. Мазмұны мен маңызы, салауаты мен сапасы жағынан олар қазақ қоғамының өткен замандарда қалыптасқан бетпердесін күрт өзгертті, түбегейлі жаңартты. Әлемдік қауымдастықта демократия мен нарық экономикасына көшкен ел ретінде тиісті орнымызды алдық. Осылардың барлығы – егемен елдің тұрақты дамуының негізі болған іс-шаралар.

Қазақстан жүргізген сыртқы саясат бізді көптеген әлем елдерімен достастыруға, олармен тығыз байланыс орнатып, біздің жас мемлекетіміздің дамуына керек оларда бар мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануға жағдай жасады. Осы ширек ғасыр ішінде Қазақстан ешбір басқа елмен дауласпады, жаға жыртылмады. Бүгінгі алай-түлей заманда байсалды, бейбіт қалпын сақтай білген бірден-бір ел – біздің Қазақстан. Мемлекеттілігін ғасырлар бұрын жасаған, рухани мұраға бай, елін де, байтақ жерін де қорғай білген ұрпақтар өсірген, парасаты жоғары қазақ халқы деп бізді бүкіл әлем таныды.

Біздің мемлекетіміз жүргізген ішкі саясат егемендік жылдарында еліміздегі этностар достығын, бірлігін, барша халықтың күрделі реформалар ісіне жұмыла кірісуін қамтамасыз етті. Әрбір қоғамның сапасы оның тұрақты дамуымен, оған керек мүмкіндігімен есептеледі. Егемендіктің тұсында қазақ қоғамы, қазақстандықтар қоғамы осылай тұрақты дамудың үлгісін көрсете білді. Бізбен араласқан әлем елдері біздің қоғамның осы қасиетін аруақытта айтып, үлгі етіп жүреді. Егемендік туын көтергенімізге он жылға жетпей АҚШ, Германия, Франция, Италия, Австрия, басқа да дамыған елдер Қазақстан демократиялық үрдісті қабылдаған, нарық экономикасы елі деп жариялады. Нәтижесінде, шет елдерден бізге керек миллиардтаған инвестиция келді, шетел инвесторларының қатысуымен жүздеген кәсіпорын бой көтерді, өндірістің бізде бұрын болмаған машина жасау, ақпараттық технология, ядролық энергетика, химия өнеркәсібінің, құрылыс материалдары өндірісінің заманауи салалары, өңдеу, тамақ өнеркәсібінің көптеген нысандары салынып, іске қосылды.

Осылардың арқасында Қазақстан экономикасы Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша егемендігіміздің тұсында (1991-2015 жылдары) 7,4 есе өсті. Осы 25 жылда ең жылдам өсу қарқыны КХР болды (28,5 есе), Оңтүстік Кореяның ішкі жалпы өнімі – 4,1 есе, Малайзияда – 6,0 есе, Түркияда – 4,8 есе, яғни олардың өсу қарқыны бізден төмен болды. Жан басына шаққанда осы жылдары жалпы ішкі өнім Қытай елінде – 23,9 есе, Қазақстанда – 6,9 есе, Малайзияда – 3,7 есе, Оңтүстік Кореяда – 3,5 есе, Түркияда 3,3 есе өскен. Осы маңызды көрсеткіштің де өсу қарқынымен біз Қытайдан басқа Малайзия, Түркия, Оңтүстік Корея елдерінің алдындамыз.

Тәуелсіздік жылдарында біздің еліміздің балабақшадан бастап, бастауыш, орта мектеп, кәсіби мектеп, университеттер мен институттарда білім сапасын арттыруды көздеген күрделі реформалар жүргізілді, олар бүгін де жалғасын тауып жатыр. Халықаралық БҰҰДБ-ның әр жылға жасаған салауатты өмірдің индексі бойынша 2015 жылы Қазақстан білім сапасы бойынша әлем елдерінде 55-орында. Осы жылы оқу жасындағы балалардың мектепке барғаны орта есеппен әлемде 80% болса, Қазақстанда ол – 97,7%. Жоғары білім алуға осы жастардың әлемде 40,3%-ы қамтылса, Қазақстанда ол 44,5%-ды құрайды. Қазақстан адами даму индексі бойынша өзімен бір заманда реформа жүргізген Малайзия, Түркия, Қытай елдерінің алдында, ал есепке ілінген 188 әлем елдерінің ішінде аталмыш көрсеткіш бойынша 56-орында, яғни жоғары нәтижеге жеткен елдер қатарында.

Егемендік жылдары қарқынды дамыған салалардың бірі – денсаулық сақтау жүйесі. Еліміздің барлық өңірлерінде жаңа техника, технологиямен жабдықталған емханалар, ауруханалар салынды. Мыңдаған дәрігер кәсіби мамандығын өсіруге арналған шетел орталықтарында дайындалған өтті. Халықтың салауатты өмірін жақсартуға, басқа да көптеген іс-шаралар жасалды. Бұрын емделу үшін шетелге бару керек болған ауруларды өз елімізде емдеуге қолымыз жетті. Егер қазір бізде жаңа туған нәрестенің шығыны 1000 адамға шаққанда 14,6% болса, әлемде ол орта есеппен – 24,7%. Жалпы, денсаулық сақтау жүйесі жұмысының тиімділігі жағынан біз 188 әлем елдерінің ішінде 51-орындамыз.

Білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, кәсіпкерлік, басқа да өмір сапасын дамытатын іс-шаралар адам басына шаққанда бұрынғыдан да ұзақ өмір сүруімізді қамтамасыз етті деп айта аламыз. Биылғы жылы қазақстандықтардың орташа жасы – 72 жас, 1991 жылы, яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылымен салыстырғанда ол төрт жыл төрт айға ұзарды. Дамыған елдер азаматтарының орташа жасы – 75-78 арасында (Қытай азаматтары – 75,8 жаста, Оңтүстік Кореяда – 82,2, Малайзияда – 74,7, түріктер орта есеппен – 75,2 жаста). Келесі 25 жылда орташа жасымызға тағы төрт жыл төрт ай қоссақ біз өмір сапасы жоғары, өмір салты жағымды елдер қатарына қосылуға толық мүмкіндігіміз бар. Сөйтіп, «Елу жылда – ел жаңа» деген аталы сөз, асқақ арманның тиянақты түрде іске асуы да алыс емес екені көрінді.

Алғашқы жылдардан бастап-ақ егемен Қазақстан өзінің болашақ жолының, алға дамуының күн тәртібін дөп басып, осы бағытта халқына ауқымды бағдарламалар ұсынып, оларды жүргізе бастады. Президенттің халыққа Жолдауларындағы әрбір ұсынылған жоба болашақта заман талабына сай қатардағы ел болудың өзекті мәселелеріне арналып отырды. Біз солардың бір-екеуіне ғана тоқтайық.

Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Бәсекеге сәйкес Қазақстан, бәсекеге сәйкес экономика, бәсекеге сәйкес қоғам» атты кезекті бір Жолдауы дер кезінде қойылып, толғағы піскен біздің қоғамдағы өзекті мәселеге арналды. Біз, қазақстандықтар, ашық қоғам құра отырып, бүкіл әлем мемлекеттерімен, олардың халқының, экономикасының тиімділігімен, еңбек өнімділігімен, ой-парасат, білім-біліктілігімен, жасампаздығымен бәсекеге түстік, бұдан әрі осы дүние тұрғанша түсе бермекпіз. Сондықтан бұл бүгінгі күннің ғана емес, алдымыздағы заманның өктем талабы мен ерекшелігі. Әлем елдеріндегі сенің орның, халқыңның бақуатты өмірі осы бәсекеге қабілеттілікке тікелей байланысты.

Аталмыш бағдарлама осындай заман сынағына дайын болып, бәсекелестікті арттыру жолдарын ұсынды. Онда көтерілген мәселелердің бәрі тиянақты шешілді дей алмаймыз, бірақ ел өмірінің қай саласында болса дағы іс-шаралар осы мақсатты көздеп отыр. Біздегі еңбек өнімділігі басқа елдерден көп төмен, бәсекеге қабілетті емес дедік. Қазір біртіндеп жағдай түзеліп келе жатыр. Мысалы, еліміздегі жаңа салынған кәсіпорындарда әр адамның жылдық еңбек өнімділігі Инвестиция мен индустрия министрлігінің мәліметі бойынша, 20 мың доллардан асады. Бұл бұрынғыдан 5 есе көп. Бәсекеге қабілетті болу үшін білім саласында, денсаулық сақтау жүйесінде жоғарыда айтылған күрделі реформалар жүргізіліп жатыр. Осындай үрдіс өндірісте, транспорт салаларында, құрылыс материалы, басқа да салаларда жасалып отыр. Осылардың арқасында Дүниежүзілік экономикалық форумның әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігі рейтингі бойынша Қазақстан он жылдың ішінде 78-орыннан 42-орынға дейін көтеріле алды. Бұл 2015 жылдың көрсеткіші, 2016 жылы әлі толастамаған дағдарыс салдарынан 11-орын, өкінішке қарай, кейін кетті.

Өте ауқымды, стратегиялық маңызы зор үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаны орындауды осыдан 6 жыл бұрын бастадық. Оның бірінші бес жылдығы бітіп, екінші кезеңі басталды. Бір сөзбен айтсақ, бұл біздегі өндіріс саласына, жалпы ел экономикасына өте күрделі өзгерістер әкелетін төңкеріске пара-пар іс-шара. Оның мақсаты – біздің өндірісті жаңа техника, технологиямен жасақтау, жалпы экономиканы жаңа заман талабына сай технологиялық сатыға көтеру, еңбек өнімділігі жағынан әлем елдерімен бәсекеге қабілеттілікті өсіру.

Осындай мақсатымызға жету жолындамыз. Осы уақытта 800-ден астам жаңа кәсіпорын дүниеге келді, 500-ден астам жаңа өнімдер шығаратын өндірістің бұрын бізде болмаған жаңа салалары бой көтерді. Өңдеуші өнеркәсіптегі әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі 60%-ға өсті. Бүгінгі заманда ғылым мен білімнің ашқан жаңалықтары, инновация негізінде жасалмаған өндіріс орнының келешегі жоқ. Сондықтан осыларға ерекше көңіл бөлінуде. Осы жылдары елімізде инновациялық белсенділік екі есе артты. Осылардың арқасында еліміздің экспортқа шығаратын тауарлар көлемі өсіп, былтырғы жылы 117 мемлекетке экспортқа шығарылды. Біз Инвестиция және индустрия министрлігі мәліметі бойынша, осы жылдары қолданыстағы технологиялар деңгейімен әлем елдерінде 82-орыннан 56-орынға, инновациялық әлеуетіміз бойынша 101-орыннан 59-орынға көтеріліппіз.

Экспорттық әлеуеті бойынша Қазақстан әлемде 43-орында. Бұл өте жақсы көрсеткіштер, елімізді жаңаша индустрияландыру ісінде үдемелеп алға жылжығанымыздың айғағы. Ең бастысы, бұлар жалғасын тауы, біздің экономиканың тиімділігін болашақта еселеп өсіруге әкелетін үрдістер.

Біз әлемдегі ең дамыған, халқының тұрмысы жақсы елдердің қатарына қосыламыз деп мақсат еткен елміз. Әлі оған жеткеніміз жоқ, бірақ осы мақсатымызды нысанаға алып, жолда кедергі болған дағдарыстарға қарамай алға жүріп келе жатқан елміз. Қазақстан бүгінгі таңда барша маңызды көрсеткіштерімен әлем елдері ішінде 50-ден 55-орындарда. Бұл барлығы 217 әлем елдерінің артқы жағын тастап, бел ортасынан да шығып, олардың алдыңғы қатарына жақындадық деген сөз. Яғни, осы ширек ғасыр ішінде әлемдегі бұрынғы орнымыздан көп ілгері жылжыдық. Ең бастысы, келешекте тұрақты дамуға, үдемелеп дамуға баянды негіз жасалды.

Қытай Халық Республикасы күрделі реформаларды бізден 13 жыл бұрын

(1987 ж) бастады, жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімі (7924,7 доллар) бізден әлі төмен (10508,49) Малайзия егемендік алып, реформалары бізден 34 жыл бұрын (1957 ж) басталды, оның да жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімі (9766,2) біздегіден әлі төмен. 1923 жылдан тәуелсіздік жолымен келе жатқан түрік елінің де аталмыш көрсеткіші біздегіден төмен (9130 доллар). Бірақ осындай жағдай бізді тоқмейілдікке әкелмеуі керек. Алдымызда Оңтүстік Корея сияқты 70 жыл егемендіктің туын көтеріп, көп уақыт шаруашылығы ыңғайлы болмаса да, соңғы 25-30 жылда өте қарқынды дамып, әлем елдерінің жетекші тобына қосылған елдер бар. Жедел дамиық десек, әлемде осындай озық тәжірибе, үлгілер баршылық.

Біздің тіршілігіміз, жалпы адамзат өмірі осы заманда өте тез өзгеруде. Бүгінгі біздің байлығымыздың басты көзі – мұнай мен газ болашақта өзінің маңызын жойып, баламалы энергетика көздері қолданысқа кірері анық, кейбір әлем елдерінде ол айтарлықтай етек алып та жатыр. Қазақ елі осыны түсініп, тиісті қамына осыдан бірнеше жыл бұрын кірісті. 2017 жылы біздің елімізде ашылатын, әлемнің 100-ден аса елі өздеріндегі озық технологиялық үлгілерімен қатынасатын болашақ энергетиканың көрмесі – «ЭКСПО – 2017» соның айғағы.

Биыл планетаның екі үлкен бөлігі – Еуропа мен Азияны байланыстыратын, стратегиялық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің Қазақстан жеріндегі бөлігі толығымен іске қосылады. Екі құрлықтың бір-бірімен тауар айналымының жолын қысқартып, уақытын ықшамдауға әкелетін осы жобаның тек бізге ғана емес, бүкіл әлемде стратегиялық маңызы зор. Осы күре жолмен миллиондаған, тіпті миллиардтаған тонна жүк ерсілі-қарсылы тасымалда болады. Осы арқылы талай мемлекет өз тауарларын үлкен нарық орталықтарына шығарып, пайда табатынында сөз жоқ. Экономика саласындағы интеграция, жаһандану үрдісі де күшейе түседі.

Бізге, Қазақстанға келсек, ол Батыс пен Шығыстың бір-бірімен толастамай араласатын алтын көпір болғалы отыр. Біздің еліміздің 2787 шақырым жолымен тасылатын Батыс пен Шығыс елдерінің тауарлары ертедегі Жібек Жолы сияқты ел экономикасының дамуына мол әсерін тигізе алатынына күмән жоқ. Қазірдің өзінде осы жолмен жүріп өткен миллиондаған тонна контейнерлік жүк Қазақстанға жылына 4,0 миллиардтаған тонна шамасында табыс әкеледі деп айтылып жүр.

Қазақстан әлемдегі жан-жақты дамыған орталықтардан алыста, Еуразия – кеңістігінің бір түкпірінде орналасқан ел. Әлемдегі мұхиттар мен теңіздерден де алшақ жатыр. Осындай жер қашықтығынан, басқалармен араласудың аздығы, тіпті жоқтығынан осы жердің тұрғындарының өркениеті төмен, шаруашылығы ғасырлар бойы жабайы деңгейде болғаны рас. Жедел транспорт түрлері пайда болғаннан бастап басқалармен араласып, өркениеттің жоғары сатыларына қолын соза бастады. Дегенмен жер шалғайлығы қазақ халқына ол не істесе де теріс ықпалын тигізіп тұрды.

Міне, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізі іске қосылса, осындай жағдайдың күрт өзгеретін түрі бар. Қазақстан жерінің қолайсыздығы шектеліп, керісінше ол шаруаға, халықаралық қарым-қатынасқа қолайлы жер болуға айналуға болады. Екі құрлықты бір-бірімен байланыстыратын аталмыш дәліз Қазақстан жерін оның батысынан шығысына дейін көктеп өтеді. Осындай қатынасқа қолайлығы жағынан бұл шын мәнісінде алтын көпір. Көптеген елдердің, әсіресе, біздің шаруашылығымыздың жақсаруына әсері мол. Осыдан біз келешегімізге үлкен сеніммен қараймыз. Өзінің геоэкономикалық жағдайын осылай өзгерте алған Қазақстанның болашақта алар асулары бұдан да жоғары боларына күмән жоқ.

2015 жылы маңызы зор «Нұрлы жол» бағдарламасын орындау басталды. Еліміздің барлық өңірлеріне жол тартып, олардағы кәсіпорындарды бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып біздегі бар мүмкіндіктерді толығырақ пайдалану көзделіп отыр. Нәтижесінде, Қазақстанда өндіріс күштерін кешенді түрде дамытуға әкелетін бірыңғай экономикалық кеңістік жасалынады.

Бүгін ел ішінде «бірталай бағдарлама орындалмай, қаржы текке жұмсалды» деген әңгімелер бар. Сонау 2008 жылдан осы күнге дейін жалғасқан дағдарысты басынан өткізіп, шаршаңқыраған халықты түсінуге болады. Кейбір жобаларды іске асыруға табандылық жетпей, босбелбеулік орын алды дегенмен келісуге болады. Бірталай жылдар мұнайдың бағасы шарықтап өсіп, ағыл-тегіл еспесіз табыс бізді «голланд ауруына» шалықтырып, басқа да салаларды тиянақты, тиімді дамытуға дұрыс көңіл бөлінбегені де рас.

Біздің жоғарыда айтылған өзекті жобаларды тиянақты орындау керектігі ешқашан күн тәртібінен түскен жоқ. Оларды іске асыруды көздеген үлкенді-кішілі шаралар әлі жалғасын тауып жатыр. Рас, ел экономикасындағы дағдарыс салдарынан олардың кейбіреулері баяу жүріп, кейбіреулерін тоқтата тұруға тура келді. Бірақ оларды орындау сөзсіз қайтадан жаңғырады, олардың еліміздің болашағы үшін маңызы зор. Біздің қолданыстағы «Қазақстан – 2050» стратегиялық жобасы осыны көздеген. Өз елімізде индустриялық төңкеріс жасап, технологиялық деңгейін жоғары, бұрынғыдан да тиімді технологиялық сатыға көтеріле білген мемлекеттер баршылық. Олардың тәжірибесіне үңілсек, технологиялық төңкеріс бір жыл, тіпті он жыл да емес, ұзақ уақытқа созылған. Біздің бағытымыз дұрыс, көптеген ауқымды жұмыстар басталды, оларды табандылықпен жалғастыра берудің маңызы зор.

Әр халықты тұрмыс билейді. Тұрмыстың негізі, оның жақсылық-жамандығы – экономикада, оның тиімділігі мен тиімсіздігінде. Міне, 25 жыл үзбей осы салада күрделі реформалар жасап келеміз. Бағаны еркін айналымға шығарғанымыздан, мемлекеттік мүлікті жедел жекешелендіруден, әлемге ашық экономика саясатын жүргізе бастаған алғашқы жылдарда бастан өткізген қиындықтарымызды жоғарыда айттық. Қазір Қазақстан еліндегі барлық мүліктің 85-90 пайызы жекешелендірілген нарық экономикасы елі деп әлемге танылды. Әлемдегі барлығы 217 мемлекеттің 170-імен тұрақты экономикалық байланыста болғанымыз, Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелігіне енгеніміз – соның айғағы. Кәсіпорындарда, компанияларда корпоративтік басқару жүйесі енгізілді. Монополистердің жұмысын бақылап, олардың еліміздегі бәсекелік ортаға теріс әсерін шектейтін арнайы агенттік құрылды. Әртүрлі нарық экономикасына керек қаржыны кәсіпкерлерге ұсынатын коммерциялық банктер сап құрды.

Егемен елдің өзіне тән салық, бюджет жүйелері, кеден кешені құрылды, бүгін осы салалардың барлығы да елімізде тұрақты түрде жұмысын жалғастыруда. Орта және шағын кәсіпорындар бой көтерді. Кәсіпкерлердің саны да сапасы да өсті, олар бүгінгі таңда Қазақстанда жеке бір орташа тап болып қалыптасты. Қазір бізде әлемдегі озық үлгіге сәйкес жасалған қаржы жүйесі бар. Қазақстан экономикасын келеңсіз жағдайлардан сақтандыратын, тығырықтан шығуына тікелей жәрдемге келетін бүгінгі таңда өте қомақты қаржы жиналған Ұлттық қор бар. Егемен елдің экономикасының айналымын қамтамасыз ететін ұлттық валюта – теңге бар. Бір сөзбен айтқанда, елімізде нарық экономикасы толыққанды жұмыс жасау үшін оның барлық тетіктері жасалған. Осының арқасында 25 жыл ішінде бұрынғы әкімшілік экономикасынан нарық экономикасына түбегейлі көштік деп айтуымызға толық негіз бар. Осы пікірді әлемдегі барлық әріптестеріміз қолдап, бізбен сауда-экономикалық байланыс жүргізіп отыр.

Дегенмен барлық дүние орнына келді, осы саладағы барлық мәселе ойдағыдай шешілді деп айта алмаймыз. Бұрын тәжірибе түгілі тарихи санамызда болмаған тың жолмен жүргендіктен, әртүрлі деңгейлердегі басқару органдарының бұрмалаушылығына дер кезінде тосқауыл қойылмағандықтан, кейбір өзекті салаларды тиімді дамытуға кәсіби дайындығымыз бен біліміміз жетіспегендіктен, осы салада жүргізілген реформалар барысында жоғалтқанымыз да баршылық, орын алған кемшіліктер мен

қайшылықтар да бар.

Олардың басты біреуі – елімізде сыбайлас жемқорлықтың толастамай, барған сайын етек жаюы. Осы залалдан құтыламыз деп арнайы заңдар алдық. Елбасының Жарлығы да шықты, үлкенді-кішілі қолданылып жатқан басқа да шаралар аз емес. Бірақ шаруашылықтың қай саласын алсаң да, биліктің қай жілігін шақсаң да сыбайлас жемқорлықпен кездесесің. Қазіргі ат үстіндегі ұрпақ сыбайлас жемқорлықпен ауыз жаласуға үйреніп қалды. Егер онымен келесі ұрпақты ауыздандырсақ ел болашағы өте көмескі болуы мүмкін. Бұл – өте қауіпті жағдай. Сыбайлас жемқорлықпен табанды түрде экономиканың барлық деңгейлерінде күресу егемендігіміздің екінші ширек ғасырының шешетін ең өзекті мәселелерінің бірі болғалы отыр.

Жекешелендіру науқанында өз қалтамызды көп қаржы болмай және тәжірибе мен мамандардың аздығынан мемлекеттік меншіктің қомақты үлесі шетелдіктер мен біздегі іс басындағы әртүрлі пысықайлардың қалтасында кетті деп айтқан болатынбыз. Ел табысының ең басты көзі болған мұнай-газ саласы қорларының 90 пайызға жуығы шетелдік компаниялардың қолында. Бұл экономикамызға қауіпсіздік туғызбай қоймайды. Осы саладан тапқан табыстың қомақты үлесі де шетелдіктердің қалтасына кетіп жатыр. Өз елінің жастары жұмыс таба алмай отырғанда, табысы жақсы кәсіпорындарда шеттен келгендер жұмыс істейді. Олардың еңбекақысы біздің азаматтарымыздың еңбекақысынан, екі есе, одан да көп артық. Әлеуметтік көңілсіздік, әлеуметтік наразылық, әсіресе, жастар арасында, осыдан туады. Осындай себептермен кейбір жас азаматтардың діни экстремизмге бой алдырғаны да байқалады.

Алғашқы жылдардағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру науқанында жіберген кемшіліктер мен бұрмалаушылықтың салдарынан монополистер пайда болғанын айттық. Бұлар бәсекелік ортамызды тарылтып, бәсекелік қуатымызды да төмендетіп отыр. Өзімізде шығарылған тауарлардың бағасының шамадан тыс жоғарылауы, сапасының өспеуінің бір себебі, ел экономикасында бәсекелік орталықтың осындай дұрыс қалыспағандығынан дер едім. Нарықтық экономикада бәсеке, бәсекелік орталық оның қозғаушы күші, бағаның есептен артық өсуін шектейтін де осы бәсекелік орталық. Осындай күрделі мәселені шешу де егемендіктің екінші ширек ғасырының еншісіне ауысып отыр.

Біздегі банк жүйесінде де қордаланып қалған, әлі шешімін таппаған мәселелер бар. Ипотекаға, басқа да мұқтаждыққа халыққа берілген несиенің үштен бірі қайтарылмай, істемей тұр. Оның себебі, сонау алғашқы жылдары біздегі коммерциялық банктердің есепсіз алған қарызынан, оны өтеуден туған қиындықтардан. Осыны біз жан-жақты талдап, шешу жолдарын да ұсынған болатынбыз. Бірақ мәселе әлі сол қордаланған қалпында. Қазақстан экономикасына көз жүгіртсек, «сіздердің беделіңізді түсіретін басты мәселе банк жүйесіндегі күрделі мәселелердің ұзақ уақыт бойы дұрыс шешілмей отырғаны» дейді бізге шетел мамандары.

Кешегі жаппай жекешелендіру науқанында колхоз, совхоздарды да таратып, фермер (крестьян) шаруашылығын құрдық. Осы 25 жыл ішінде олар біз үміттенген тиімді жұмысын көрсете алмады. Кейбір суармалы немесе осыған сәйкес шағын аймақтарда болмаса, мына кең сахарда олардың өміршеңдігі байқалмады. Ауыл шаруашылығы даму қарқыны төмен, оны жақсарту үшін күрделі шараларды жүргізуді талап етеді. Оның ішінде өндірістік, басқа да кооперативтер құрып, ауылда жұмыс істейтін шаруашылық нысандарын, Елбасы айтқандай, ірілендіру мәселелері де күн тәртібінде тұр.

Алдымыздағы уақытта осы айтылған, басқа да айтылмаған кемшіліктерден арылуға толық мүмкіндік бар. Қазіргі таңда біз осал жерлерімізді жақсы білеміз, оларды дұрыстау жолын да біле бастадық. Осы 25 жыл ішінде халқымыз нарық экономикасының университетінен өтті десек артық болмас. Оның сырына үңілді, тетіктерін түсініп, әртүрлі іс-шараларын олардың талабына сәйкес жасай бастады. Үлкенді-кішілі кәсіпті игеру басталды, игерілді де. Өз біліміне, өз тәжірибесіне сенген кәсіпкерлер тобы жылдан-жылға өсіп, қоғамдағы халықтың үлкен бір тобын қалыптастыруда. Жаңа заман, жаңа экономика, жаңа жол туралы баянды пікір, сана-сезім қалыптасуда, қалыптасты да.

Халқымыз оянды. Әрбір қоғамдық маңызы бар мәселелерге, оларды талқылауға белсене араласатын қалпын көрсетіп келе жатыр. Жерді пайдалану туралы, денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау, басқа да салалардың жұмысы туралы ел тұрғындарының пікірі мен ұсыныстарының өсуі соның айғағы. Әрбір маңызы бар үкімет немесе министрліктер алған шешім бұқара халықтың қызу талқылауына түсуде. Осыдан екі қорытынды шығаруымыз керек. Біріншіден, бұл биліктің өзі алған шешімдеріне жауапкершілігін өсіреді. Екіншіден, әрбір жауапты шешім билік пен халықтың екіжақты пікір алмасу негізінде алынуы керек. Сонда ғана халық оны қолдап, орындауға көңіл қояды.

Пайымдап қарасақ, демократиялық үрдістің жаңа, бұрынғыдан да ізгілігі мол сатысына көтерілуге ұмтылып отырғанымыз көрінеді. Елбасының халқына ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары осы ұмтылысымызға жақсы жол ашты. Қоғамда мемлекет тарапынан істеген істердің жариялылығы көбейді, ел тұрғындарының билік басындағыларды олардың алған шешімдерінің дұрыс-бұрыстығын айтып, бақылау күшейді. Билік сатыларының ең төменгі деңгейінен жоғарғы деңгейіне дейін құрылған қоғамдық кеңестер баршаға ортақ мәселелерді келісе отырып шешуге әкеледі. Көптеген мәселелерді орталықта емес, жергілікті жерде, осы мәселенің мән-жайын білетін бұқарамен келісе отырып шешу – бұл біздің еліміздегі билікті халыққа жақындататын, оның беделін асыратын, ал қарапайым халықтың еңсесін көтеріп, белсенділігін өсіретін өте маңызды іс-шаралар.

Президент ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары қоғамда орын алған әділетсіздікті жойып, бюрократияны шектеп, барынша жариялық енгізе жемқорлықты ноқталап, алынған заңдарға бой ұсынып, заң жолымен жүріп, ел тұрмысын, халыққа керекті салаларды жедел дамытуды ұсынып отыр. Тәуелсіздігіміздің алғашқы 25 жылында жаңа мемлекет, жаңа экономика жасап еліміздің бетпердесін түбегейлі өзгерте білдік. Екінші ширек ғасырдың қарсаңында оны тағы бір түбегейлі өзгертуге, мәні мен маңызы, сәні мен салтанаты, ойы мен арманы ешбір әлем елдерінен кем болмайтын дәрежеге көтеруге алғашқы қадам жасадық. Егемен елдің үстіміздегі ширек ғасыр дамуының қорытындысы, басты нәтижелері осылар болар.

Тәуелсіздік асуларын баяндай келіп, еліміздің көшін бастаған, реформаларды табандылықпен жүргізе білген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегін де айтуымыз керек. Президент Н.Назарбаев тарихымыздың өте бір күрделі кезеңінде егемендігіміздің туын көтеріп, мемлекетімізді басқару ісінде кемеңгерлігін көрсете білген қайраткер.

Халқымызға ол келешегін анықтайтын күн тәртібін ұсына білді және оның жүзеге асуын үлкен шеберлік, жасампаздықпен басқара білді. Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін көтеріп, олардың шешу жолдарын әлем елдерінің назарына ұсынғаны оны халықаралық дәрежедегі қайраткер екенін танытты.

Бізді, қазақтарды, әлем сахнасына шығарып, біздің елдігімізді баршаға паш ете алған Нұрсұлтан Әбішұлындай қайраткер біздің тарихымызда бұрын болған жоқ. Ол ұсынған, халық қолдаған саясаттың арқасында біз, қазақстандықтар барша әлемді шарладық, әлем өркениетінің озық үлгілерімен сусындадық.

Ол жаңа астанамызды тұрғызды, өзінің кемеңгерлігімен Астананы әлем елдері басшылары жиналып, заманымыздың бүгіні мен ертеңі туралы кеңес құратын беделі жоғары халықаралық орталық дәрежесіне көтере білді. Астаналық форумдар шешімдері әлем елдері тарихында сақталатынына күмән жоқ.

Бұлар да біз өткен ширек ғасырдың маңызды болғанын көрсете алатын жағдайлар. Болашағымызға бұдан да зор сәттілік тілейік.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,**  
академик



"Aikyn.kz" Қазақстанның басты жаңалықтары  
© 2004-2016 ТОО "Айқын-Литер"

**ЖАҢАЛЫҚТАР**

Нұр Отан Экономика Руханият Жанайқай Тосын оқиға  
Дерек пен дәйек Әлеумет Спорт Ұзынқұлақ Саясат  
Шарайна Сұрақ-жауап Айтарым бар Автор бағанасы  
Эксклюзивті сұхбат Жаңалықтар Сұрақ-жауап  
Ұлы Дала Өсиеті Түйткіл Құлаққағыс Тәуелсіздік күні

[БІЗ ТУРАЛЫ](#) [ЖАҢАЛЫҚ](#) [МАҚАЛА](#) [СҰХБАТ](#) [ЖАРНАМА](#) [МҰРАҒАТ](#) [БАЙЛАНЫС](#)

	7482 2789 6		491 341 326			100	
--	-------------------	--	-------------------	--	--	-----	--